

КЕЛІСІЛДІ:

«Нұра ауданының білім
бөлімі» ММ басшысының м.а. :

Г.Ахметова.

БЕКІТІЛДІ:

С.Сейфуллин ат ЖББМ басшысы

А.Балабиев

Аудандық білім беру мекемелерінің 3-11 сынып оқушылары арасында
өткізілетін «Сәкен оқулары» байқауының

ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ережелер аудандық жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары арасында өткізілетін аудандық «Сәкен оқулары» мәртебесін көтеру мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Сәкен оқуларының мақсаттары мен міндеттері:

- мектеп оқушылары арасында Сәкен шығармаларын насихаттау;
- жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын, тұлғалық сезімін мәдениетін дамыту;
- оқушыларды Сәкен поэзиясына, рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке, батырлыққа, қайсарлыққа тәрбиелеу, еліне, жеріне деген сезімдерін қалыптастыру.

1.3. Сәкен оқулары үш бөлім бойынша өткізіледі:

- «Құр өлең деп ойлама, ынталы сөзге құлақ сал» - номинациясы бойынша Сәкен шығармаларын жатқа оқу сайысы. Қатысушының жатқа білетін шығармаларының тізімін конкурсқа дейін тапсырыспен бірге ұсыну қажет (Сәкен шығармаларын көбірек жатқа білетін оқушыға жоғары баға қойылады).

Бөлім бойынша қойылатын талаптар:

1. Жаттаған өлеңнің саны
2. Өлеңді мәнерлеп жатқа оқуы
3. Сахнада өзін - өзі ұстауы
4. Дауыс мәнері мен ырғағы

- «Сыр сандықты ашып қара» - номинациясы бойынша жас дарындар сайысы (өз шығармаларын орындау: өлеңдер, әндер, арнаулар). Жас дарындардың шығармаларын 2-3 өлеңдер топтамасын тапсырыспен бірге ұйымдастыру комитетіне ұсыну қажет.

Бөлім бойынша қойылатын талаптар:

1. Тақырыпты аша білуі
2. Сөз көркемдігі, өлең ұйқасы.
3. Орындаушылық шеберлігі
4. Сахнада өзін-өзі ұстай білуі.

- «Сым пернені басып қара, басып қара жырласын» - номинациясы бойынша С.Сейфуллиннің әндерін орындау

Бөлім бойынша қойылатан талаптар:

1.Әнді орындау шеберлігі

2.Сахна мәдениеті

3. Киім үлгісі

1.4 Сәкен оқулары аумақтарда өткізілу уақыты: 2025 жылы 17 қазанға дейін

Аумақтарда өткізілген «Сәкен оқулары» жеңімпаздары аудандық «Сәкен оқуларына» жолдама алады. Аудандық «Сәкен оқулары» 2025 жылдың 22-қазанда сағат 10.00-де Ахмет ауылы Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектептің мәжіліс залында өтеді.

Сәкен оқуларына қатысушылар

2.1. Сәкен оқуларына оқыту тіліне қарамастан жалпы білім беретін мектептердің 3-11 сынып оқушылары қатыса алады.

2.2 Сәкен оқуларына аумақ мектептерінен аумақтық Сәкен оқуларында бірінші орын алған оқушылар Сәкен өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқитын 1 оқушыны, Сәкеннің прозалық шығармасынан үзінді оқу 1 оқушыны, өз шығармаларын орындайтын 1 оқушыны жібереді. Конкурса тапсырыс 2025 жылдың 18-қазанына дейін қабылданады.

2. Қаржыландыру.

3.1. Сәкен оқуларын қаржыландыруды тиісті білім органдары жүзеге асырады.

3.2. Оқушылардың және жетекшілердің Сәкен оқуларына қатысуға байланысты шығындарын (жолақы, тамағы) жіберіп отырған мекемелері көтереді.

3. Жұмыс органдары

4.1. Сәкен оқуларын ұйымдастыру жұмыстарын ұйымдастыру Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп ұжымы атқарады.

Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп ұжымы

- Сәкен оқуларын өткізудің жалпы тәртібін белгілейді және өткізу бағдарламасын құрастырады;

- Тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;

- Аудан көлемінде өткен Сәкен оқуларының аумақтық кезеңіне қорытындылап талдау жасайды .

4. IX Сәкен оқуларының қазылар алқасы

5.1. Сәкен оқуларының үш номинация бойынша қазылар алқасының құрамы төрағадан, хатшыдан және алқа мүшелерінен тұрады.

5.2 Сәкен оқуларының қазылар алқасы:

- қатысушылардың өнеріне талдау жасайды және бес балдық жүйемен бағалайды;

- қатысушылардың өнеріне бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

- жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды бөледі;

- аудандық білім беру бөліміне аудандық

Сәкен оқуларының қорытындылары туралы есеп береді.

5. Сәкен оқуларының өткізу тәртібі

Сәкен оқулары төмендегі аумақтарда **2025 жылдың 17 қазанында дейін өткізілуі тиіс.**

1. Аумақ

1. Ш.Уалиханов ат. ЖББМ
2. М.Жұмабаев ат. гимназия
3. Ы.Алтынсарин ат. ТМ(РО)
4. Байтуған ЖББМ
5. Қарой ЖББМ

Өткізу орны: М.Жұмабаев ат. гимназия

2. Аумақ

1. Р.Асубаев ат. ЖББМ
2. Қ. Шайменов ат. ЖББМ
3. М.Дулатұлы ат. ЖББМ
4. С.Сейфуллин ат. ЖББМ
5. А.Асылбеков ат. ЖББМ

Өткізу орны Р.Асубаев ат. ЖББМ

3. Аумақ

1. М.Сүлейменов ТМ (РО) ат. ЖББМ
2. Р.Қошқарбаев ат. ЖББМ
3. А.Бөкейхан ат. ЖББМ
4. К.Мыңбаев ат. ЖББМ
5. С.Талжанов ат. ЖББМ

Өткізу орны: К.Мыңбаев ат. ЖББМ

4. Аумақ

1. Жараспай ЖББМ
2. А.Байтұрсынұлы ат. ТМ (РО)
3. Нұра ЖББМ
4. Ж.Аймауытұлы НОМ

Өткізу орны: Жараспай ЖББМ

5. Аумақ

1. Абай ат. Шұбаркөл ЖББМ
2. Баршын ТМ (РО)
3. Қарақойын ЖББМ
4. Сарыозен НОМ
5. Құланотпес НОМ

6. Өткізу орны: Қарақойын ЖББМ